



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

болып саналады. Саманидтердің қолдауымен ислам дінін қабылдаған Сатук Бугра хан Оғұшлахқа қарсы шығады. Оны талқандап, Тараз бен Қашқарды өзіне қаратады. 942 жылы Баласағұнның билеушісін құлатып, өзін жоғарғы қаған деп жариялайды». Осы кезден бастап Қарахан мемлекетінің тарихы басталады.

Соған сәйкес, Қараханның, дәлірек айтсақ Сатук Бугра ханның кесенесі М.Е. Массон мерзімдегендей XI ғасыр емес, X ғасырдың 50-жылдарында салынған. Көрсетілген фотосуреттер мен 1961 жылы табылған қоңыр қызғылт плиталарға қарағанда, кесененің бастапқы кескіні өзінің тамаша стилімен, жалпы жоғарғы көркем деңгейімен қараған көзді өзіне тартары сөзсіз. Қасбеттің тегістігі шатыр арқалығының тік пропорциясындағы әдемі етіп жасалған есікпен берілген. Ол $\frac{3}{4}$ бағанаға тіреліп, қосарланған кірпішпен сына тәрізді қаланған. Қарахан кесенесінен түрлі-түсті қаптаулар табылған. Орта Азияда, XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында қарахандық дәуіріндегі құрылыстың сыртқы кескінінің монохромдығын «Магоки Аттори мешіті, Қалың мұнарасындағы жазулардың немесе Санжар кесенесінің мұнарасындағы, Фахр-ад-дан Рази мен Текеш кесенелеріндегі шатырлы жабындылардың кірпіштерінің көгілдір глазумен боялуы байыта түсті».

Қарахан кесенесінде – XX ғасырға дейін деткен тұңғыш ғимаратта сәулет өнерінің көркем айқындылығын күшейту үшін қоңыр қызғылт және жылтырақ плиткалардың (30 шақты түрі) кең қолданылғандығын атап айту керек. Кесененің сәулетшілік-көркемдік деңгейі өте жоғары болып, Айша Бибі кесенесі сияқты Қазақстан сәулет өнерінің аса көрнекті туындыларының дүниеге келуіне сөзсіз себепші болған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бернштам А.Н. К происхождение Мавзолея бабаджа Хатун.-М.: Наука, 1956, 235 с.
2. Массон М.Е., Пугаченкова Г.А. Гумбез Манаса. – М.: Наука, 1957, 200 с.
3. Бачинский Н.М. Антисейсмика в архитектурных памятниках Средней Азии. - М.: Наука, 1949, 125 с.
4. Бартольд В.В. Туркестан в период Монгольского нашествия. – М.: Наука, 1963, 350 с.

ӘОЖ 39

ШЫҒЫС САРЫАРҚА Өңірінің жер-су атауларына тарихи этнографиялық талдау

Құрманғожина Тоғжан

togzhan_k93@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ұ.Үмітқалиев

«Жер судың аты, тарихтың хаты» демекші Шығыс Сарарқа өңірінің жер-су атаулары бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі болыумен қатар, таңдалынып алынған өлкенің өзі ешқандай өзеріске түспеген тың аймақ. Қазақтың ұсақ шоқылығы саналатын Шығыс Сарыарқа өңірі соның ішінде географиялық жағынан Шыңғыстау, Қарқаралы, Қызыларай тау жүйелерімен қатар осы таулардан тарап аққан өзен көлдер мен ірілі ұсақты бұлақтардың және әрбір жер атаулары қазақ тарихында алатын орны ерекше.

Сарыарқа деп аталуының себебін А. Сейдімбеков «Сарыарқаның алып су айрығы екенін, ағын су атаулы сол қоянжон дөнестің қос қапталынан төгіле ағатынын көреміз. Мұндай байтақ жонды Арқа демеске болмайтын да секілді. Басқаша атау көкейге қонбайтындай, көңілге орнықпайтындай»-деп пайымдай келе «өлкенің мың сан өсімдігінен бастап, тау-тасына дейін сарғыш тартып жатуына» байланысты деп қарайды. [1, 23 б.]

Сарыарқа өңірі – қазақтың байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнер мен мәдениеттің және тарихтың тұнып тұрған кеніші. Сарыарқаның дара тумаларына Абылай заманындағы Бұхар жырау, Қаз дауысты Қазыбек, ақындардан Шөже, Шашубай, Доскей, жазушы С. Сейфуллин және ақын Қ. Аманжолов, Ұлы Отан соғысының қаһарманы Н. Әбдіров, ғалымдар А. Чижевский және Е. Бөкетов, қазақтың тұңғыш ғарышкері Т. Әубәкіров сияқты адамдар Сарыарқаның атын шығарған. Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаев Теміртаудағы атақты Қазақстан Магниткасында тау-кен жұмысын атқарған. Қазақ халқы табиғатқа етене жақын болған және жер-суға үнемі тамырлас өскен. Атауларды тау-жоталардың бедерін, дархан даланың келбетін дәл бейнелеген. Табиғаттағы әрбір заттарға, тау-тас, өзен-көлдерге атаулар біз үшін үлгі, ұлттық тіліміздің қазынасы.

М.О. Әуезов «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деп суреттесе, халқымыздың біртуар перзенті Ш. Уәлиханов: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады» деп, жер-су атаулары елдің болмысы, салт-дәстүрі, тілі, діні екенін, ешқашан жөн жосықсыз, ойсыз-мәнсіз қойыла салмағанын еске салады. [2, 3 б.]

Шығыс Сарыарқа өңіріне Абыралы- Шыңғыстау, Қарқаралы жерлерін жатқызуымызға болады.

Қарқаралы өңірі- 19 ғ. және 20 ғ. бірінші ширегіндегі ресми атау. Бұған дейін 18ғ. Осы өңір «Бөкей ұлысы» яғни, «Бөкей хан иелігіндегі жерлер» деп танылған. Қарастырылып отырған өлке сол кездің өзінде-ақ, өмір сүретін тұрғындары мен өзіндік қалыптасқан басқару жүйесі бар аймақ болып саналады. Қарқаралы округі 1824 жылы ашылған. Ашылу себебі: бұл өңірде шаруашылық-демографиялық және саяси басқару жүйесі бар тіртұтас аймақ деңгейінде тұрды. Қарқаралы дуанына Жамбыл облысының солтүстік өлкелелерін қамтитын (Шу өзенінің солт. жағалауларынан бастап), Шет (Ағадырдан шығысқа қарай), Ақтоғай, Қарқаралы, Бұқаржырау ауданының едәуір бөлігі, Баянауыл ауданының оңтүстік өлкелері, тұтасымен Абыралы, Дегелең өлкелері, Абай ауданы және бұрынғы Шұбартау ауданы ауқымындағы өлкелер қараған. 1860 жылдары дуандар тарап, уездер құрылды. Осы тұста Семей уезіне берілді (Шыңғыстау өлкесіне). Қазіргі таңда өзекті тақырыптардың бірі-топонимиканы, жергілікті байырғы жер атауларын қалпына келтіру мәселесі.

Соңғы жылдары Қарқаралы ауданының аумағына өз зерттеу жұмыстарын Ә. Марғұлан атындағы Археология институты жалғастырды. 1999 ж. бастап «Сарыарқа экспедициясының зерттеулері» (экспедиция жетекшісі А.З. Бейсенов) жүргізілуде. Сарыарқа экспедициясының қол жеткізген аса маңыздылығы Сарыарқаның Шығыс бөлігінде ерте темір дәуірінің алғашқы қоныстарын ашуы болып табылады. [3, 9-12 бб.]

Нұра мен Шерубай-Нұраның алқаптары ауданның солтүстік батыс бөлігін қиып өтеді және Теңіз көлінің алабына жатады. Олардың екеуінің де құрылысы анық көрініп тұрады. Нұра өзені- жоғарғы ағысты. Алқабының тереңдігі 20-30 м, ал жалпақтығы 300 м-ден 1500 м-ге дейін барады.

Шерубай-Нұра Нұрының сол жақ саласы болып табылады. Алқабының ені 100 м-ден 4 км-ге дейін барады, арнасының ені 4 м. Алқабында үш терраса бар. Терассалар қазіргі заманғы құмды-малтасты шөгінділерден тұрады.

Сілеті өзені ауданның солтүстік- батысбұрышын қиып өтеді. Оның алқабының құрылысы каньон тәріздес боп келеді, онда қарасулардағы су деңгейінің сабасынан биіктігі 5 м және ені 500 м. Ұсақ түйіршектерден тұрады.

Өлеңті өзені басын Ерейментаудан, 500 м биіктіктен алады және Ертісмаңы жазығындағы Әуликөлге құяды. Алқабында соңғы ширектік жастағы екі жайылма үсті

терраса мен жайылма байқалады. Жайылма кең емес. Құмтасты-малтатасты материалдан түзілген.

Шідерті өзені Қарағандыдан солтүстікке қарайғы жерден басталады да, Ертісмаңы жазығындағы Әуликөлге құяды. Алқабында соңғы ширектік жастағы екі жайылма үсті терраса мен жайылма байқалады. Бірінші террасаның беті тереңдігі 1,5 м, ені 10 м-ге дейінгі құрғақ арналармен тілімденген. Қиыршықтасты құмдардан түзілген. Ені 10 м-ге дейінгі арна жазда кеуіп қалады, су қарасуларда ғана қалады, ал арнаның түбінде құмтасты-қиыршықты-малтатастар жалаңаштанып жатады.

Ащысу өзені басын Айыр қырқасынан алады да, Алқамерген көліне құяды және бағытын өзгерте отырып бүкіл солтүстік көлбеулік бойымен ағады. Қазіргі жайылма шала дамыған, оның ені бірнеше ондаған метр, биіктігі 0,5 м шамасында, құмды-малтатасты аллювийден тұрады.

Белдеутас тауларынан басталатын *Түндік* өзенінің алқабы бойлыққа жақын бағытпен созылып жатыр. Өзеннің орта ағысында ені 370 м және биіктігі 4-8 м алаңша түрінде екі жайылма үсті терраса бөлінеді.

Жарлы өзені бастауын Қызыларай тауларының солтүстік сілемдерінен алады және Қарасор көлінен батысқа қарай жоғалып кетеді. Алқабының ұзындығы 143 км, негізгі салалары Ежебай, Көктал, Тайшық, Қопа, Құрөзек және басқалар. Негізінен атмосфералық жауын-шашын және аздап грунт суларымен қоректенеді.

Талды өзені Бұртас (Бөрітас) пен Көшубай тауларының солтүстік беткейлерінен басталады да, Қарасор көліне құяды. Ұзындығы 129 км. Негізгі салалары-Аққияқ, Қараағаш, Қоспа, Өлке және т.б.

Мойынты өзені басын Қызылтас тауының беткейлеріндегі бұлақтардан алады да, Балқаш көлінен 60 км жерде жоғалады. Ұзындығы 167 км, алқабының ені 200-1200 м. Арнасының ені 20-40 м.

Ұзындығы 298 км *Тоқырауын* өзені Қызылтас аласатауының шегінде жер бетін 50-80 м терең алқаппен қиып өтеді. Төменгі ағысындағы алқап 10 км-ге дейін кеңейеді де, Балқаш көлінің жағасына 28 км қалғанда жоғалып кетеді.

Жарлы мен Талды өзендерінің алқаптарында екі деңгейлі жайылма мен бірінші жайылма үсті терраса тіркелген, оның ені 5-7 м-ге жетеді және ол ірі түйіршікті құмдардың линзасы бар саздақтардан түзілген.

Мыңшұңқыр өзені алқабының ені 7км-ге жетеді, онда қазіргі кезде тіпті ешқандай мезгілдік ағынды су жоқ. Екі жайылма үсті және екі жайылмалық террасалар өзінің анық шекарасын жоғалтқан.

Көлдердің генезисі саналуан. Көлдерден ескі арналар; жасанды бөгендерді қоса бөгетті көлдер; аласатаулық, ұсақшоқылық және тектоникалық көлдер.

Ауданның орталық бөлігінде ең үлкен көл Қарқаралыдан солтүстікке қарай 45 км жердегі *Қарасор* болып табылады. Үстінен қарағанда ол иректі кескінде болып келеді, ендікке жақын бағытта 43 км. Жағалары қайырлы және аласа болып келеді. Биіктігі 2,5 м. Ол малтатастардан, құмдардан, саздардан, тұнбалардан түзілген.

Балқаш көлінің солтүстік жағалауы түбекті қойнаулы типке жатады. Ұсақшоқылық алқаптар, не тұғырлы жазықтың бұдырлары су астында тұрған жерге, түбектер мен мүйістер, қыраттарға, ал шығанақтар ойпаңдар мен алқаптың сағасына сәйкес келеді. [4,]

Шығыс Қазақстан облысындағы Абай ауданы, Шыңғыстау өңірінің топонимдері де республикамыздың басқа өңірінің топонимдері сияқты сан ғасырлық тарихы бар. Шыңғыстау –Сарыарқаның шығыс бөлігіндегі тау жотасы. Солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатыр. Шығыс Қазақстан облысының Абай, Аягөз аудандары аумағында орналасқан. Шыңғыстау байрайында қазақтың данышпан ақыны, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлы дүниеге келген.

Тарихы тереңге тамыр тартқан Шыңғыстау аумағының жер-су атауларында үлкен мән-мағына жатыр. Бұл аймақтың топонимикасы түркі және моңғол тілдері арасындағы лексикалық бірліктердің ауысу процестері көнеден келе жатқан тілдік құбылыс екендігі, орыс тілінен енген атаулардың отаршылдық дәуірдің көрінісі деуге болады. Шыңғыстау өңірінің тарихын терең зерттеген ғалымдардың бірі, ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік ономастика комиссиясының мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор «Абай ауданының топонимикасы» атты кітаптың авторы А. Жартыбаевты атап айтуға болады. [5].

Шыңғыстау атауына байланысты халық арасында «Ол жерге Шыңғыс хан келген екен, содан Шыңғыстау аталыпты» дейтін жорамал бар. Басқа деректерде «Бұл жерде Шәңгіш деген өсімдік көп өседі. Содан әуелде Шәңгіш тау аталған, кейіннен Шыңғыс тау болып дыбыстық өзгеріске ұшыраған» дейді.

М.О. Әуезовтың шығармаларының елу томдық толық жинағының жиырма иоғызыншы томында Шыңғыстау тауы туралы сипаттама берген. Сипаттамада «Тау аты-Шыңғыс....Бұны атам заманнан атақты Шыңғыс хан мекен еткен.... Биігінің аты— Хан. Сонау көк тау—Орда....Шыңғыстың ордасын тіккен жері». Сондықтан да халық ол жерді Шыңғыстау ордасын тіккен жері». Сондықтан да халық ол жерді Шыңғыстау немесе Хан Шыңғыс деп атап кеткен. [6, 430 б.]

Шыңғыс хан мен қазақ хандары ту тіккен Шыңғыстау мен Ұлытау өңірлері-тарихтың қайнар көздері. Осы өңірлерде жауға шапқан Жалаңтөс (Соқыр), Жидебай, Сенкібай, Байғозы, Ағыбай, Күшікбай, Қарабас батырдардың ерлік істері елде жақсы сақталып ауыл, жер атаулары осы батырлардың есімдерімен тікелей байланысты.

Шыңғыстаудың солтүсік беткейінен Шаған және Ащысу, Қарауыл, Мұқыр, Қарашоқы, Саға, Құндызды, Жаңа арна, Қалғұты өзендері ақса, оңтүстігінен Бақанас, Дағанделі, Құрбақанас, Көксала өзендері басталады. Ал, Шыңғыстау бөктеріндегі атақты Жидебай, Бөрілі қазақтың Абайын, Шәкәрімін, Мұхтарын кемеңгер етіп, дүние жүзі ұлыларының санатына жеткізіп, олардың есімін әлемге паш етті.

Шыңғыстау баурайындағы өзен, көл атауларының мағынасына тоқтала кетсек. Ақ сөзі су терминімен тіркесіп, ең алдымен судың түсін (лай, айран, түстес, ақ балшық, араласқан) білдіретіні байқалады. Айран, Ақсу, Ақбұлақ, Ақ Қалғұтты, Ақкөл, Ақкен, Ақ қаба т.б. өзендердің суы ақ түсті болып келеді. Өйткені бұл өзендер бастау алатын мұздықтар ақкүлгін, сары топырақпен араласып жатады. Ақсу гидронимі құрамындағы ақ сыңары «ағу» етістігін білдіреді деген пікір де ойлануды қажет етеді. Өзен біткен ағатын, жалпы су біткеннің ағатыны «су» терминінің өзінен-ақ білініп тұрады. [7, 52 б.]

Бақанас. Бақан— «Киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзіктер мен түндіктерді көтеріп жабуға керекті ашалы ағаш» мәніндегі бақан сөзі метафоралық жолмен «басы, кейде аяғы екі салаға бөлініп кететін нысанды» атау арқылы топонимжасамға қатысады. Мұндағы Бақанас гидронимін моңғ. *богино* «қысқа, шолақ, келте»+ус «су» сөздерінің бірігуінен шығаратын ғалымдар да бар (Ғ. Қошқашпаев).

Енді Шыңғыстау маңайындағы ауылдардың топонимдеріне келсек, Мысалы: Бөрілі-сын есім сөзжасамының аса өнімді жұрнақтарының біріне жататын –лы,-лі топонимжасамда да тым белсенді. Белгілі бір заттың, не құбылыстың атына жалғана отырып «сол заттың, не құбылыстың белгілі бір жерде бар, мол екенін» атап көрсетеді. Мысалы Бөрілі ауылы–бөрі көп болғандығын аңғартып тұр.

Қарауыл (өзен, ауыл)— сөзінің негізгі мағынасы «бір нәрсені қорғау, сақтау, күзет» мағынасы. Топонимжасамда «қарауыл, күзет, қоюға ыңғайлы жерлерді» атап көрсетеді.

Жидебай— «Жиде» сөзі «ыстық жерде өсетін, қызыл-қоңыр түсті жеміс ағашы» мағынасын беретін фитоним екені мәлім. Топонимжасамда «жиде ағашы мол –өсетін жер» мәнінде қатысады.

Қорытындылай келетін болсам, Шығыс-Сарыарқа өңірінің жер-су атаулары және жалпыға таныс ауылдары, өзен, көлдерінің топонимикасы жайында болды. Біздің алға

қойған мақсатымыз, Шығыс-Сарыарқа өңірлеріне барып, зерттелмеген жер-су атауларына зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер.-А.: Жалын, 1981, 235 б.
2. Шығыс Қазақстан өңірінде кездесетін басқа тілден енген жер-су атаулары. –Астана: Фолиант, 2012, 180 б.
3. Бейсенов А.З. К проблеме поиска и изучения поселений раннего железного века центрального Казахстана /Историческая наука: Проблемы развития. Матер. Международной научной конференции. - Луганск, 2002, С. 9-12.
4. История озер Севан, Иссык-куль, Балхаш, Зайсан и Арал.- Л.: ЛГУ, 1991, 250 с.
5. Жартыбаев А.Е. Орталық Қазақстан топонимиясының тарихи-лингвистикалық этимологиялық және этномәдени негіздері.- /Докт. Дисс. ... авторефераты.– Алматы, 2006, 50 б.
6. Әуезов М.О. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. –А.: Дәуір, 2014, 430 б.
7. Сапаров Қ.Т. Қазақ шығысының өзен-көл атаулары.-Павлодар: Кереку, 2012, 216 б.

ӘОЖ 902/904

МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯСЫНДА КӨНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мұсырманкүл Пердехан Бекмағамбетұлы

pmusilmankul@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Археология және этнология кафедрасының оқытушысы,
Астана, Қазақстан

Қазақ мемлекетінің тарихы мыңдаған жылдардың қойнауына терең бойлаған және адамзат тіршілігіне әсер еткен қат-қабат оқиғалармен байланысқан өзіміздің ата-бабаларымыздың тарихы. Осы себептен де бүгінгі күні Қазақстан Республикасының әр азаматы ұлттық тарихқа ерекше ықыласпен қарап, туған баласындай өз ата-бабасының мұрасына қамқорлық жасауы қажет. Осы тұрғыдан алғанда мемлекет басшылығының ұлттық тарихты, мәдени құндылықтарымызды, ата-баба мұрасын зерттеу және насихаттау үшін, сонымен қатар мемлекет ішінде тарихи және мәдени мұраны қорғау және сақтау жұмыстарын үйлестіру орталығы қызметін атқару үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық музейін құру туралы бастамасы мемлекетіміздің мәдени даму тарихындағы аса маңызды қадам ретінде бағаланады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі әлемдік геосаясатта және мәдениеттердің тоғысында ерекше орын алып отырған біздің еліміздің бет бейнесі.

Музей экспозициясын тартымды ету үшін заманауи технологияларды пайдаланумен қатар келушілер үшін жәдігерлерді макеттік үлгіде көрсетудің де маңызы өте жоғары. Еліміздегі бірегей мәдени және ғылыми орталыққа айналып келе жатқан «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» экспозициясындағы көптеген ескерткіштер мен көне дәуірлердегі тіршілік көріністерін сипаттайтын макеттерді ұтымды пайдалану ісі жақсы жолға қойылған. Солардың қатарында «Алтын залында» көрсетілген көне дәуірлердегі тау-кен өндірісі, ерте көшпелілердің зергерлік дәстүрі, археологиялық қазба жұмыстары барысының көріністері және Шығыс Қазақстан жерінен табылған атақты Шілікті сақ-патша обасының архитектуралық құрылысы, Есік обасының макеттік үлгілері келушілерді бірден баурап кетеді. Мұндай қызығушылықтың артуының өзіндік заңдылығы бар. Себебі, аталған ескерткіштердің ішінде сақ-патша обаларының ерте заман тіршілігін сәулелендіретін бірден-